

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 335 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссия туралы

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылауды жүзеге асыру мақсатында мынадай құрамда Комиссия құрылсын:

К е л і м б е т о в Қайрат Нематұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы, басшы
С ұ л т а н о в Бақыт Тұрлыханұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
О р ы н б а е в Ербол Тұрмаханұлы	-	Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі
Ә б і қ а е в Нұртай Әбіқайұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы
Д а у ы л б а е в Асхат Қайзоллаұлы	-	Қазақстан Республикасының Бас прокуроры
Т ү с і п б е к о в Рашид Төлеутайұлы	-	Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) төрағасы
Ж а ң б ы р ш и н Қозы-Көрпеш Есімұлы	-	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы
Д о с а е в Ерболат Асқарбекұлы	-	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі

2. Комиссия тұрақты негізде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың мақсатты, заңды және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылатын инфрақұрылымдық және индустриялық жобалардың іске асырылуына мониторинг және қаржылық бөлігіне аудит жүргізісін.

3 . К о м и с с и я ғ а :

1) мемлекеттік органдардан, мемлекет қатысатын ұйымдардан және лауазымды адамдардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды, оның ішінде тиісті лауазымды адамдардың ауызша және жазбаша түсініктемелерін талап ету;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылатын инфрақұрылымдық және индустриялық жобалардың іске асырылуына мониторинг және қаржылық бөлігіне аудит жүргізу үшін сыртқы сарапшыларды (аудиторларды) тарту;

3) тиісті мемлекеттік органдардың және мемлекет қатысатын ұйымдардың лауазымды адамдарының тәртіптік және өзге де жауапкершілігі туралы мәселені шешу үшін материалдарды жіберу;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен қарау үшін ақпаратты құқық қорғау органдарына және ұлттық қауіпсіздік органдарына жіберу құқығы берілсін.

4. Комиссияның басшысы Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалудың жай-күйі туралы тоқсан сайын есеп берсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Комиссияның жұмыс органы болып белгіленсін.

6. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев